

## **М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің қоғамдық тамақтандыру комбинаты бойынша ақпарат**

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінде оқытушылар мен білім алушыларды сапалы әрі қолжетімді қоғамдық тамақтандыру қызметімен қамтамасыз ету мақсатында тиісті жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде.

2025 жылғы 20 тамыз бен 2026 жылғы 20 маусым аралығында университет пен ИП «Жамбыл Ата» қызмет көрсетушісімен арасында келісімшарт жасалып, университетке қарасты бірқатар оқу корпустарындағы асханалар жалға (арендаға) берілді. Атап айтқанда, қоғамдық тамақтандыру нысандары келесі мекенжайларда орналасқан оқу корпустарында қызмет көрсетуде:

- Сүлейменов көшесі, 13 мекен-жайында 1 асхана;
- Төле би көшесі, 60 мекен-жайында 3 асхана және №1 жатақхана 1 асхана;
- Төле би көшесі, 68 мекен-жайында 1 асхана;
- Жамбыл даңғылы, 16/1 мекен-жайында 3 асхана және №2 жатақханада 1 асхана

Аталған асханаларда студенттер мен оқытушыларға арналған ыстық тамақ, сусындар және жеңіл тағамдар ұсынылып, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуына ерекше көңіл бөлінуде.

Асханалардың тазалығы мен санитарлық жағдайы ай сайын университеттің әкімшілік-шаруашылық басқармасына қарасты оқу корпустарына жауапты коменданттар және медбикелер тарапынан тұрақты түрде тексеріліп отырады. Тексеру барысында санитарлық нормалардың сақталуы, асхана аумағының тазалығы, құрал-жабдықтардың жай-күйі және қауіпсіздік талаптарының орындалуы бақылауға алынады.

Жалпы, университет аумағындағы қоғамдық тамақтандыру қызметі білім алушылар мен қызметкерлерге қолайлы жағдай жасауға, оқу процесінің үздіксіз әрі тиімді ұйымдастырылуына бағытталған.

**Әкімшілік-шаруашылық  
басқармасының басшысы**



**А. Афлатунов**